



БЕКІТЕМІН:  
Мектеп директоры  
Назарбекова С.А.

01.09.2023 ж.

## Пән мұғалімдері лауазымдық міндеттері:

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;

білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі;

білім алушыда педагогқа құрметпен қарауга тәрбиелейді, педагогтың аты мен әкесінің аты бойынша сырпайы қарым-қатынас немесе "учитель/мұғалім" тікелей қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың іскерлік стилі мен сөйлеу этикетін сақтауға үйретеді;

білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;

пәндер бойынша қыска мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар, бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсан үшін жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасайды;

білім бойынша жиынтық бағалауды және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу корытындысы бойынша талдау жүргізеді;

журналдарды (қағаз немесе электрондық) толтырады;

оку үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

оку процесінде қарапайым бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың косымшаларын пайдаланады;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, Жүйелік-қызметтік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

оку бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауга қатысады, оку жоспарына және оку процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін зерделейді;

инклузивті білім беру үшін жағдай жасайды;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оку бағдарламаларын бейімдейді;

арнайы білім беру ұйымдарында оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамудағы ауытқуларды барынша еңсеруге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады;

интерактивті оку материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде сабактар ұйымдастырады;

әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастырының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;

ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады;

ата-аналарға кеңес береді;

кәсіби құзыреттілікті арттырады;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сініреді.

## **Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Пәннің мәні", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимділ туралы", "Қазақстан Республикасындагы тіл туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзев арқылы қолдау туралы" заңдары, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

оку пәннің мазмұны, оку-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

педагогика мен психология;

пәнді оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысы, оқыту құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндіктері;

педагогикалық этиканың нормалары;

медиация техникасы және қақтығыстарды шешу мүмкіндігі;

оку кабинеттері мен қосалқы үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптар;

құқық негіздері және еңбекті, экономиканы ғылыми үйымдастыру;

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті корғау, ортке карсы коргау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талап қоймастан, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе біліктіліктің орташа деңгейіне жататын XI педагогикалық сыйныбы бар 1995 жылға дейін орта мектепті бітіргені туралы құжат;

және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

### **Кәсіби құзыреттілікті айқында отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

#### **1) "педагог":**

оку пәннің мазмұнын, оку-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін Білуге тиіс;

білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оку-тәрбие процесін жоспарлау және үйымдастыру;

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

білім беру үйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

кәсіби-педагогикалық диалог дагдыларын менгеру, сандық білім беру ресурстарын колдану;

#### **2) "педагог-модератор":**

"педагог" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ак:

оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын колдану;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру үйымы, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жүлдегерлері немесе женімпаздары болуы немесе кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе женімпазы болуы;

#### **3) "педагог-сарапшы":**

"педагог-модератор" біліктілігінің жалпы талаптарына сәйкес келу, бұдан басқа:

үйымдастырылған оку қызметін, оку-тәрбие процесін талдау дағдыларын менгеру;

білім беру үйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын сындарлы түрде айқындау;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, облыс деңгейіндегі конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе женімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

облыстың, елдің телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабактар дайындау (Бар болса);

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ;

сабакты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын мейгеру;

білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

облыс, респубикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибелі жабдықтау (респубикалық ведомствоның багынысты үйымдар мен салының мемлекеттік органдардың білім беру үйымдары үшін);

білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, респубикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысуышылары немесе женімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

"Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысуышысы немесе жүлдегері немесе женімпазы, "Ұздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

аудан (облыстық маңызы бар қала), облыс (бар болса) деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын сындарлы айқындау;

тиісті үәкілетті органның ведомствоның багынысты білім беру үйымдары үйымдастырыган педагогтар үшін семинарлар, конференциялар үйымдастыруға және өткізуге қатысу;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін "Білім мазмұнын сараптау Респубикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құрылышындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының "сарапшылардың электрондық базасына" (бұдан әрі білім мазмұнын сараптау респубикалық ғылыми-практикалық орталығы) немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті (болған жағдайда) жаңындағы РОӘК ұсынған (бұдан әрі - ТЖКБД) оқулыктарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку - әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіру;

елдің, облыстың теледидарында трансляциялау үшін енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне -, телесабактар дайындау (Бар болса);

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату;

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ;

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жаңындағы РОӘК-те мақұлданған авторлық бағдарламасы болуы тиіс. Білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен немесе ЖҚОҚБҰ жаңындағы РОӘК ұсынған оқулыктар, оку-әдістемелік кешендер мен оку-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулыктардың, оку-әдістемелік құралдардың шеңбері (тең авторы) немесе тест тапсырмаларын, оқулыктарды, оку-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі сарапшылар құрамына кіруі немесе WorldSkills чемпионаттарының сарапшысы немесе педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы болуы;

білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес респубикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе женімпазы болу немесе респубикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың женімпаздарының немесе жүлдегерлерін дайындау;

білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес респубикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе женімпазы болу немесе респубикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың женімпаздарының немесе жүлдегерлерін дайындау;

"Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысуышысы немесе жүлдегері немесе женімпазы, "Ұздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық жөнін дамытуды жоспарлау (бар болса);

респубикалық білім беру мазмұнын сараптау ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес оқулыктарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі немесе ТКББД жаңындағы РОӘК ұсынған сарапшылар құрамына кіру;

республика деңгейінде тәжірибелі жинақтау, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырылған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

елдің, облыстың теледидарында трансляциялауга енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-сабактар, телесабактар дайындау (бар болса).

Кәсіподак ұйымының тарағасы Байтұрсын Байтұрсын Байтұрсын Т.

Таныстым Хокусебаев Т. Е.